

## Жекелеген мемлекеттік саяси лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 31 желтоқсандағы № 485 Жарлығы.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 2-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**:

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 13.04.2023 № 195 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.**

1. Қоса беріліп отырған жекелеген мемлекеттік саяси лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

К. Тоқаев

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2020 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 485 Жарлығымен  
БЕКІТІЛГЕН

## Жекелеген мемлекеттік саяси лауазымдарға қойылатын БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

### 1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Жекелеген мемлекеттік саяси лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптары (бұдан әрі – Біліктілік талаптары) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппараты Басшысының бірінші орынбасары, Үкіметтің Қазақстан Республикасының Парламентіндегі өкілі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты Басшысының орынбасарлары, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігін, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігін, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарды қоспағанда) басшыларының бірінші орынбасарлары мен орынбасарлары, Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындастын министрлердің бірінші орынбасарлары мен орынбасарлары, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдерінің бірінші орынбасарлары, орынбасарлары және аппараттарының басшылары, сондай-ақ облыстардың әкімшілік орталығы болып табылатын қалалардың, облыстық маңызы бар қалалардың, облыстар

аудандарының және қалалардағы аудандардың әкімдері мемлекеттік саяси лауазымдарына (бұдан әрі – мемлекеттік саяси лауазымдар) орналасу үшін әзірленді және осы мемлекеттік саяси лауазымдарға орналасуға үміткер азаматтарға (бұдан әрі – кандидат) қойылады.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 05.06.2023 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.**

2. Мемлекеттік саяси лауазымдарға қойылатын талаптар:

- 1) білімі бойынша талаптарды;
- 2) құзыреттер бойынша талаптарды;
- 3) жұмыс тәжірибесі бойынша талаптарды қамтиды.

## **2-тaraу. Білімі бойынша талаптар**

3. Мемлекеттік саяси лауазымдарға орналасу үшін кандидаттардың жоғары білімінің болуы талап етіледі.

Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар басшыларының бірінші орынбасарлары мен орынбасарлары, Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындағы министрлердің бірінші орынбасарлары мен орынбасарлары мемлекеттік саяси лауазымдарына орналасуға арналған білімі бойынша талаптарды Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігімен келісу бойынша мемлекеттік саяси қызметшінің тікелей басшысы бекітеді.

Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдерінің, сондай-ақ облыстардың әкімшілік орталығы болып табылатын қалалардың әкімдерінің бірінші орынбасарлары, орынбасарлары және аппараттарының басшыларын мемлекеттік саяси лауазымдарына орналасуға арналған білімі бойынша талаптар міндеттерді (қызметтің функционалдық бағыттарын) бөлүмен айқындалады.

Саяси мемлекеттік лауазымдар үшін нақты салада кемінде он бес жыл практикалық жұмыс тәжірибесі болған кезде мамандығы бойынша жоғары білімнің болуы талап етілмейді.

Осы тармақтың екінші және үшінші белгілінген талаптар мемлекеттік саяси лауазымға кандидаттарды тағайындау Қазақстан Республикасы Президентінің келісімімен жүзеге асырылатын жағдайларда қолданылмайды.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 31.07.2024 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 17.03.2025 № 817 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.**

## **3-тaraу. Құзыреттер бойынша талаптар**

4. Мемлекеттік саяси лауазымдарға орналасу үшін құзыреттердің болуы талап етіледі.

Мемлекеттік саяси лауазымдарға орналасу үшін құзыреттердің тізбесін және оларды бағалау тәртібін мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 31.07.2024 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.**

#### **4-тарау. Жұмыс тәжірибесі бойынша талаптар**

5. Жұмыс тәжірибесі Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек өтілі және (немесе) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет өтілі және (немесе) мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардағы жұмыс өтілін қамтиды.

5-1. Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар басшыларының бірінші орынбасарлары мен орынбасарларының, Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындастын министрлердің бірінші орынбасарлары мен орынбасарларының мемлекеттік саяси лауазымдарының міндеттерін (қызметтің функционалдық бағыттарын) бөлуді Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігімен келісу бойынша мемлекеттік саяси қызметшінің тікелей басшысы бекітеді.

**Ескерту. 5-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Президентінің 31.07.2024 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.**

5-2. Президенттік жастар кадр резервіне қабылданған адамдардың функционалдық бағыттарға сәйкес салаларда білімі болса, онда болу мерзімі аяқталғаннан кейін соңғы атқаратын мемлекеттік саяси лауазымдарға, сондай-ақ төмен тұрған лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарға сәйкес келеді.

**Ескерту. 5-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Президентінің 17.03.2025 № 817 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.**

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппараты Басшысының бірінші орынбасары, Үкіметтің Қазақстан Республикасының Парламентіндегі өкілі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты Басшысының орынбасарлары, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігін, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкін, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігін, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарды

қоспағанда) басшыларының бірінші орынбасарлары мен орынбасарлары, Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындастын министрлердің бірінші орынбасарлары мен орынбасарлары мемлекеттік саяси лауазымдарына орналасу үшін:

1) кемінде жеті жыл жұмыс өтілі, оның ішінде Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімінде айқындалған мемлекеттік саяси лауазымдарда не "А" корпусының лауазымдарында, не Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының мэртебесінде кемінде бір жыл жұмыс өтілі болған жағдайда, тиісті жетекшілік ететін саладағы бағытта кемінде төрт жыл жұмыс өтілі;

2) не кемінде жеті жыл жұмыс өтілі, оның ішінде Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімінде айқындалған "Б" корпусының А-1, В-2, С-2, D-2, С-О-2, D-О-2 санаттарынан төмен емес басшы лауазымдарда кемінде бір жыл жұмыс өтілі болған жағдайда, тиісті жетекшілік ететін саладағы бағытта кемінде төрт жыл жұмыс өтілі;

2-1) не кемінде жеті жыл жұмыс өтілі, оның ішінде орталық деңгейдегі құқық қорғау немесе арнайы мемлекеттік орган департаменті бастығының орынбасарынан төмен емес немесе Қарулы Күштер немесе әскери оқу орындарының әскери басқару органдарының жедел-тактикалық деңгейінен төмен емес басқарма бастығы лауазымдарында бір жыл жұмыс өтілі болған жағдайда, тиісті жетекшілік ететін саладағы бағытта кемінде төрт жыл жұмыс өтілі;

3) не кемінде алты жыл жұмыс өтілі, оның ішінде жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында немесе Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда, басшы лауазымдарда кемінде екі жыл жұмыс өтілі болған кезде, тиісті жетекшілік ететін бағыттағы салада кемінде төрт жыл жұмыс өтілі;

4) не кемінде алты жыл жұмыс өтілі, оның ішінде ұлттық басқарушы холдингердің, ұлттық холдингердің, ұлттық компаниялардың, ұлттық даму институттарының атқарушы органдарының департамент директорларынан төмен емес лауазымдарда кемінде екі жыл жұмыс өтілі болған жағдайда, тиісті жетекшілік ететін саладағы бағытта кемінде төрт жыл жұмыс өтілі;

5) не кемінде жеті жыл жұмыс өтілі, оның ішінде орта кәсіпкерлік субъектілері, квазимемлекеттік сектор субъектілері не жылдық орташа штат саны кемінде жүз адам болатын коммерциялық емес ұйымдар басшыларының орынбасарларынан төмен емес лауазымдарда кемінде үш жыл жұмыс өтілі болған жағдайда, тиісті жетекшілік ететін бағыттағы салада кемінде бес жыл жұмыс өтілі;

6) не кемінде алты жыл жұмыс өтілі, оның ішінде халықаралық, шетелдік немесе трансұлттық ұйымдарда, шетелдік мемлекеттік құрылымдарда басшы лауазымдарда кемінде бір жыл жұмыс өтілі болған жағдайда, тиісті жетекшілік ететін саладағы бағытта кемінде төрт жыл жұмыс өтілі;

7) не кемінде алты жыл жұмыс өтілі, оның ішінде тиісті жетекшілік ететін бағыттағы салада кемінде төрт жыл жұмыс өтілі, оның ішінде ғылыми дәрежесі бар болған жағдайда, басшы лауазымдарда кемінде екі жыл жұмыс өтілі;

8) не кемінде бес жыл жұмыс өтілі, оның ішінде Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін шетелдік жетекші жоғары оқу орындарында докторантуралардың бағдарламалары (PhD, бейін бойынша доктор) бойынша оқуын аяқтаған жағдайда, тиісті жетекшілік ететін бағыттағы салада кемінде үш жыл жұмыс өтілі;

9) не кемінде бес жыл жұмыс өтілі, оның ішінде жетекшілік ететін салада ең жоғары жетістігі болған жағдайда\*, тиісті жетекшілік ететін бағыттағы салада кемінде үш жыл жұмыс өтілі;

10) не Президенттік жастар кадр резервіне алынған адамдар үшін кемінде бес жыл жұмыс өтілі;

11) не кандидатты мемлекеттік саяси лауазымға тағайындауға Қазақстан Республикасы Президентінің келісімі талап етіледі.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің № 195 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 05.06.2023 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.07.2024 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлықтарымен.**

7. Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдерінің бірінші орынбасарлары, орынбасарлары және аппараттарының басшылары, сондай-ақ облыстардың әкімшілік орталығы болып табылатын қалалардың әкімдері мемлекеттік саяси лауазымдарына орналасу үшін:

1) кемінде алты жыл жұмыс өтілі, оның ішінде Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімінде айқындалған мемлекеттік саяси лауазымдарда не "А" корпусының лауазымдарында, не Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының мәртебесінде кемінде бір жыл жұмыс өтілі болған жағдайда, тиісті жетекшілік ететін бағыттағы салада кемінде үш жыл жұмыс өтілі;

2) не кемінде алты жыл жұмыс өтілі, оның ішінде Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімінде айқындалған "Б" корпусының А-1, В-2, С-2, D-2, C-O-2, D-O-2 санаттарынан, не орталық мемлекеттік органдардың департамент басшыларының орынбасарларынан, не орталық мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволарының облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы аумақтық органдары мен бөлімшелері басшыларының орынбасарларынан төмен емес басшы лауазымдарда, не облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдері аппараттарының құрылымдық бөлімшелері басшыларының лауазымдарында кемінде бір жыл жұмыс өтілі болған жағдайда, тиісті жетекшілік ететін бағытқа сәйкес келетін салада кемінде үш жыл жұмыс өтілі;

2-1) не кемінде алты жыл жұмыс өтілі, оның ішінде орталық деңгейдегі құқық қорғау немесе арнайы мемлекеттік орган департаменті бастығының орынбасарынан тәмен емес немесе Қарулы Күштер немесе әскери оқу орындарының әскери басқару органдарының жедел-тактикалық деңгейінен тәмен емес басқарма бастығылауазымдарында кемінде бір жыл жұмыс өтілі;

3) не кемінде бес жыл жұмыс өтілі, оның ішінде мемлекеттік қызметшілерді даярлаудың мемлекеттік бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру үйымдарында немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі респубикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда, басшылауазымдарда кемінде екі жыл жұмыс өтілі болған жағдайда, жетекшілік ететін саладағы бағытта кемінде үш жыл жұмыс өтілі;

4) не кемінде бес жыл жұмыс өтілі, оның ішінде ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың, ұлттық даму институттарының атқарушы органдарының департамент директорларынан тәмен емес лауазымдарда кемінде екі жыл жұмыс өтілі болған жағдайда, жетекшілік ететін саладағы бағытта кемінде үш жыл жұмыс өтілі;

5) не кемінде алты жыл жұмыс өтілі, оның ішінде орта кәсіпкерлік субъектілері, квазимемлекеттік сектор субъектілері не жылдық орташа штат саны кемінде жұз адам болатын коммерциялық емес үйымдар басшыларының орынбасарларынан тәмен емес лауазымдарда кемінде үш жыл жұмыс өтілі болған жағдайда, жетекшілік ететін саладағы бағытта кемінде төрт жыл жұмыс өтілі;

6) не кемінде бес жыл жұмыс өтілі, оның ішінде халықаралық, шетелдік немесе трансұлттық үйымдарда, шетелдік мемлекеттік құрылымдарда басшылауазымдарда кемінде бір жыл жұмыс өтілі болған жағдайда, жетекшілік ететін саладағы бағытта кемінде төрт жыл жұмыс өтілі;

7) не кемінде бес жыл жұмыс өтілі, оның ішінде жетекшілік ететін саладағы бағытта кемінде төрт жыл жұмыс өтілі, оның ішінде ғылыми дәрежесі бар болған жағдайда, басшылауазымдарда кемінде екі жыл жұмыс өтілі;

8) не кемінде төрт жыл жұмыс өтілі, оның ішінде Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі респубикалық комиссия айқындастырын шетелдік жетекші жоғары оқу орындарында докторантуралары (PhD, бейін бойынша доктор) бойынша окуын аяқтаған жағдайда, жетекшілік ететін саладағы бағытта кемінде екі жыл жұмыс өтілі;

9) не кемінде төрт жыл жұмыс өтілі, оның ішінде жетекшілік ететін салада ең жоғары жетістігі болған жағдайда\*, жетекшілік ететін саладағы бағытта кемінде екі жыл жұмыс өтілі;

10) не Президенттік жастар кадр резервіне алынған адамдар үшін кемінде бес жыл жұмыс өтілі;

11) не кандидатты мемлекеттік саяси лауазымға тағайындауға Қазақстан Республикасы Президентінің келісімі талап етіледі.

Облыстардың әкімшілік орталығы болып табылатын қалалардың әкімдері мемлекеттік саяси лауазымдарына орналасу үшін сондай-ақ ұйымдық-әкімдік және әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындауға байланысты лауазымдарда кемінде үш жыл жұмыс өтілінің болуы талап етіледі.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 05.06.2023 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 31.07.2024 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) **Жарлықтарымен**.

8. Облыстық маңызы бар қалалардың (облыстық әкімшілік орталығы болып табылатын қалаларды қоспағанда), облыстар аудандарының және қалалардағы аудандардың әкімдері мемлекеттік саяси лауазымдарына орналасу үшін ұйымдық-әкімдік және әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындауға байланысты лауазымдарда кемінде екі жыл жұмыс өтілінің болуы талап етіледі. Аталған лауазымдарға орналасу үшін сондай-ақ:

1) кемінде бес жыл жұмыс өтілі, оның ішінде Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімінде айқындалған мемлекеттік саяси лауазымдарда не "А" корпусының лауазымдарында не Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты мәртебесінде, тұрақты негізде жұмыс істейтін облыс, респубикалық маңызы бар қала, астана, облыстық ауданы мәслихатының депутаты мәртебесінде кемінде алты ай болған жағдайда, мемлекеттік қызметте кемінде екі жыл жұмыс өтілі;

2) не кемінде бес жыл жұмыс өтілі, оның ішінде Мемлекеттік саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізілімінде айқындалған "Б" корпусының А-3, В-4 санаттарынан, сондай-ақ С-3, D-3, C-O-3, C-R-1, D-O-2, E-2, E-R-1 санаттарынан төмен емес басшы лауазымдарда кемінде бір жыл жұмыс өтілі болған жағдайда, мемлекеттік қызметте екі жыл жұмыс өтілі;

2-1) не кемінде бес жыл жұмыс өтілі, оның ішінде орталық не облыстық деңгейдегі құқық қорғау немесе арнайы мемлекеттік орган басқармасының бастығынан төмен емес немесе Қарулы Күштер немесе әскери оқу орындарының әскери басқару органдарының жедел-тактикалық деңгейінен төмен емес бөлім бастығы лауазымдарында кемінде бір жыл жұмыс өтілі;

3) не кемінде төрт жыл жұмыс өтілі, оның ішінде мемлекеттік қызметшілерді даярлау мемлекеттік бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру үйимдарында немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі респубикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда, басшы лауазымдарда кемінде екі жыл жұмыс өтілі;

4) не кемінде төрт жыл жұмыс өтілі, оның ішінде ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың, ұлттық даму институттарының атқарушы органдарының басшы лауазымдарда кемінде екі жыл қызмет өтілі;

5) не кемінде бес жыл жұмыс өтілі, оның ішінде орта кәсіпкерлік субъектілерінің, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің не жылдық орташа штат саны кемінде елу адам болатын коммерциялық емес үйымдардың басшы лауазымдарында кемінде екі жыл жұмыс өтілі:

6) не кемінде төрт жыл жұмыс өтілі, оның ішінде халықаралық, шетелдік немесе трансұлттық үйымдардың, шетелдік мемлекеттік құрылымдардың лауазымдарында кемінде бір жыл жұмыс өтілі;

7) не кемінде төрт жыл жұмыс өтілі, оның ішінде ғылыми дәрежесі болған жағдайда, басшы лауазымдарда кемінде екі жыл жұмыс өтілі;

8) не шетелдік жетекші жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия айқындайтын докторантуралар бағдарламалары (PhD, бейін бойынша доктор) бойынша оқуын аяқтаған жағдайда, кемінде үш жыл жұмыс өтілі;

9) не кемінде үш жыл жұмыс өтілі, оның ішінде ең жоғары жетістігі болған жағдайда\*, басшы лауазымдарда кемінде бір жыл жұмыс өтілі;

10) не Президенттік жастар кадр резервіне алынған адамдар үшін кемінде бес жыл жұмыс өтілі;

11) не кандидатты мемлекеттік саяси лауазымға тағайындауға Қазақстан Республикасы Президентінің келісімі талап етіледі.

\*білім, ғылым, мәдениет және спорт саласындағы әлемдік деңгейдегі конкурстарда, жарыстарда жүлделі орындарды иеленуі.

Ескертпе.

Кандидаттар өзінің білімі, жұмыс тәжірибесі, құзыреті, кәсіби деңгейі және беделіне (сертификаттардың, біліктілігін арттыру туралы, ғылыми дәрежелер мен атақтардың берілгені туралы құжаттардың көшірмелері, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми басылымдар, олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын басқа мәліметтер) қатысты қосынша ақпаратты ұсына алады.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 31.07.2024 № 612 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.**